

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін
Ректор
У. Умбетов
Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 1 хаттама, «28» 2024 жыл



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ
АРЫЗ-ШАҒЫМДАРЫН ҚАРАУ
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2024

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Болашақ» университетінің білім алушыларының арыз-шағымдарын, өтініштерін қарау реттілігін, тәртібін айқындайды.

1.2. Ереже университеттің білім алушыларының шағымдарын қарастыру рәсімін түсіндіру мақсатында әзірленді және университет пен студент байланысын нығайтуға бағытталған.

2. Студенттердің шағымдарын қарастыру рәсімі

2.1. Шағымдарды қарастыру рәсімі келесідей жүзеге асырылады

2.1.1. **кураторлар/эдвайзерлер → кафедра → деканат (жоғары мектеп) → тәрбие жұмысы жөніндегі проректор → ректор**

Кураторлар/эдвайзерлер студенттердің шағымдары мен ұсыныстарын кафедра меңгерушісіне, жоғары мектеп деканына, тәрбие жұмысы жөніндегі проректорға ұсынады. Куратор кафедра меңгерушісіне ауызша немесе жазбаша түрде ұсынылған шағымдар ережеге сай соңғы салыстырмалы қысқа мерзімде шешіледі. Алайда, егер шағымның шешімі кафедра меңгерушісінің өкілеттігінде болмаса, ауызша немесе жазбаша түрде деканға баяндалады. Көптеген жағдайда барлық жанжалдар кафедра меңгерушісі немесе факультет деканы деңгейінде шешіледі.

2.1.2. **студент → Студенттік Үкімет → тәрбие жұмысы жөніндегі проректор**

Бұл жағдайда студенттер мен оқытушылардан түскен жазбаша өтініштер Студенттік Үкімет басшысына жазбаша не ауызша беріліп, ТЖ жөніндегі проректор деңгейінде қарастырылады;

2.1.3. **студент → ректор**

Бұл сызба тікелей ректор поштасы, оқу орнының арнайы сайтындағы ректордың жеке блогы немесе жеке бас сұрақтары бойынша қабылдау күндері шешіледі.

3. Апелляцияға өтініш беру

3.1. Аралық бақылау немесе ағымдағы (рейтингтік) бақылау бойынша апелляцияға беру секілді шағымдар оқу-ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор атына жазылады. Оқу орнының білімді бағалау құжатымен

реттеледі.

3.2. Студенттер шағымдарын Студенттік Үкімет арқылы жасай алады. Студенттік омбудсмен көшбасшылары әр факультетте тағайындалған. Студенттік Үкіметтің қызметтік міндетіне студенттерді қабылдау және олардың сұрақтарын қарастыру, шаралар қолдану, оның ішінде, студенттердің бұзылған құқықтары мен еркіндіктерін орнына келтіру үшін ұсыныстар жасап, кеңес беру, жанжалды мәселелерді шешу, білім алушылардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қадағалау кіреді.